

**Тақырыбы:** «Отбасы құндылығы – отбасы жылуы» ата-аналарға дәріс тренинг

**Күні:** 25.01.2022ж.

**Мақсаты:** отбасылық құндылықтар туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу, адамдарға риясыз қызмет жасаудың маңыздылығы туралы түсіндіру, шынайылық қасиеттерін дамыту, айналасындағы адамдарға, жанашыр болуға тәрбиелеу.

**Формасы:** ZOOM платформасы арқылы дәріс-тренинг

**Көрнекілігі:** слайд, видеоролик

**Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс – тіршілік әкеледі.** Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі жан - жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата мен баланың, келін мен ененің және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым - қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық, адамгершілік қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек.

Отбасын құрғанда Адам өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, ата - бабасының салт - дәстүрін, жас ұрпақтың бойына сіңіртеді. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – ата - ананың ең маңызды міндеті.

«Отан оттан басталады» дейді халқымыз. Елдің, ұлттың, жалпы адамзаттың болашағы, даму деңгейі осы отбасынан басталады. Толық отбасында толыққанды тәрбие алған баланың келешегі кемел, болашағы жарқын болары айдан анық. Отбасының қоғам мен мемлекет тіпті, күллі адамзат алдындағы орны тым бөлек. «Отан – от басынан басталады», «Отбасы– шағын мемлекет» деген сөздер де бекер айтылмаса керек. Сонымен сіздерге сұрақ : Сіздің үйде отбасы мүшелерінің орны қандай, соларға лайықты көңіл аударып жүрміз бе?

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: « Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», — деп мадақтайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейтін қазақ қыз балаларының тәрбиесіне аса үлкен назар аударды. Бала тәрбиелеуде асқан тәлімгер ата-бабаларымыз «Баланы бақырып үйретпе, ақырын үйрет» деп талап қояды. Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі жол-жөнекей айтылған ақыл бала көңіліне керекті із қалдыра алмайды. 5 саусақ бірдей емес, ол баланың жаратылысы «көршінің баласынан» мүлдем өзгеше. «Көршінің баласында» жоқ жақсы қасиеттер мүмкін сіздің балаңызда бар болар. «Дәл сондай бол !»,- деген шектен шыққан талап. «Балаңыз қандай, сол қалпында қабылдаған оңайырақ»,- деп кеңес береді психолог ғалымдар.

Қазір сіздерге сұрақтар қойылады. Сіздер жауаптарыңызды алдарыңыздағы «келісемін», « келіспеймін» деген карточкалар арқылы берулеріңізге болады.

1. Бала сағат 10-нан кейін ұйқыға жатуы керек.
2. Бала қандай жағдайда болса да ата-ана тапсырмасын мүлтіксіз орындауға міндетті.
3. Таңертең тамақ ішіп үлгермесе де, сабақтан кешікпеуі керек.
4. Балаға өз жағдайыңды, жұмысындағы қиыншылықтарды айтып, шағыну артық нәрсе.
5. Баланы қатарынан қалдырмау үшін қалағанын сатып әперу керек.
6. Бала кіммен дос болып, кіммен бірге жүретінін өзі шешеді.
7. Отбасында өз ойын толық айтуға құқылы.
8. Өтпелі кезеңде баламен мүлде сөйлеспеген жөн.
9. Үйде сабағын қадағалаған дұрыс.
10. Сынып жетекшісіне жиі хабарласып тұрған дұрыс.

### Қорытынды:

Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балалар арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін бір - бірімізге жақсы сөздер айтып, пайдалы іс жасап жүрейік. Мұзафар Әлімбаевтың мына өлеңімен аяқтағанды жөн көріп отырмын.

Қипақтайды қит етсе анаң, әкең,  
Қайтсем ғана осыны адам етем,  
Басқалардың осындай балалары,  
Тап осындай жаңғалақ шала ма екен  
Ойым емес, оллаһи, біздікінің...  
Енжарлығы елде жоқ алабөтен  
Туа сала тұлпардың жалын тартқан;  
Қырғиларға қызығып қарап өтем.  
Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап,  
Бұ да бір күн алаудай жана ма екен?  
Ел қатарлы елеулі еңбек етсе - ау  
Болмаса да топ жарған дара бөтен.  
Мүше тістеп мықтылар той жасаса,  
Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?  
.... Үміт пен күдіктің ортасында  
Ата - ананың үміті талады екен!

Міне, осылайша өз баласының болашағына алаңдап, «Қайтсем де баламды адам етем» деген ата - ананың арманы баласымен бірге жасайды екен. Аман-сау болыңыздар!



